

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ҚЫЗЫЛОРДА БОЛАШАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Бекітемін  
Университет ректоры, т.ғ.к.  
К.К. Дауренбеков  
Ғылыми Кеңестің шешімі  
№1 хаттама «31» тамыз  
(№22 хаттама «06» 2021 жыл  
Өзгертулер мен толықтырулар енгізілді)



Магистранттардың кәсіби іс-тәжірибелерін ұйымдастыру  
ЕРЕЖЕСІ

Қызылорда, 2021 жыл

## 1. Қолдану саласы

Осы ереже Қызылорда Болашақ университетіндегі магистранттардың зерттеушілік, педагогикалық және өндірістік практикалардан өту тәртібі мен формасын реттейді.

Осы ереже Қызылорда Болашақ университетінің кафедраларында қолдануға міндетті болып табылады.

## 2. Нормативтік сілтемелер

Осы Ереже мыналарға сәйкес әзірленді:

1. Қазақстан Республикасының 27 шілдедегі 2007 ж. «Білім туралы» №319 Заңы;
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 563 бұйрығымен өзгерістер енгізілген);
3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы (2020 жылдың 18 мамырдағы №207 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулармен);
4. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (05.05.2020ж.№182 бұйрығымен өзгерістер мен толықтыруларымен);
5. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңы (27.12.2019 № 294-VI өзгертулері және толықтыруларымен);
6. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрлігінің 30 қазандағы 2018 жылғы №595 «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы негізінде жасалған (09.01.2019 ж. өзгерістерімен);
7. Білім беру ұйымдарында кәсіптік практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік нұсқау. (29.10.2019 жылғы №14-4/1610-1 ҚРБЖҒМ нұсқаулығы)

## 3. Анықтамалар, терминдер мен қысқартулар

Осы Ережеде келесідей терминдер мен анықтамалар қолданылады:

**магистратура** – жоо кейінгі білім, оның білім бағдарламасы тиісті мамандық бойынша «магистр» дәрежесін беру арқылы мамандар даярлауға бағытталған;

**магистрант**—магистратурада оқитын тұлға.

#### **4.Жалпы ережелер**

1.ЖОО кейінгі білім жүйесінде кәсіби практика жоғары оқу орнында оқу кезінде алған теориялық білімді бекітуге, практикалық дағдылар мен құзыреттерді алуға, сондай-ақ озық тәжірибелерді игеруге бағытталған кәсіби даярлықтың құрамдасы болып табылады.

2. ЖОО кейінгі білімнің кәсіби практикасы келесі түрлерге бөлінеді:

а) ғылыми және педагогикалық магистратура бағдарламасы бойынша:

- педагогикалық – білім ұйымында (мектеп, колледж);

- зерттеушілік – диссертация орындалатын жерде.

б) бейіндік магистратура бағдарламасы бойынша – өндірістік практика.

3. ЖОО кейінгі білімнің кәсіби практикасының мақсаты оқыту әдістемесі мен практикалық дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

4. Жоо кейінгі білімнің зерттеушілік практикасының мақсаты отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, методологиялық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеулердің, сынамалық мәліметтерді өңдеу мен интерпретациясының заманауи әдістерімен танысу болып табылады.

5.Жоо кейінгі білімнің өндірістік практикасының мақсаты оқу процесінде алынған теориялық білімдерді бекіту, оқып жүрген мамандығы бойынша практикалық дағдылар, құзыреттіліктер мен тәжірибе алу, сондай-ақ озық тәжірибелерді игеру болып табылады.

6.Кәсіби практикалардың мерзімі академиялық күнтізбемен анықталады және жоо кейінгі білімнің оқыту бағдарламаларында білім алушының жеке жоспарларда көрсетілуі тиіс.

7.Кәсіби практиканың бағдарламасы мен мазмұнын мамандық бейінін және магистранттың жеке оқу траекториясын ескере отырып, бітіртуші кафедралар әзірлейді.

#### **5. Кәсіби практикалардың міндеттері мен мазмұны**

**8. Педагогикалық практика** жоғарғы мектепте оқыту әдістемесі мен ерекшелігін бейнелейтін жалпы кәсіби және педагогикалық пәндерді оқу кезінде алынған білімдерді бекіту, кеңейту, тереңдету және жүйелеуге бағытталған. Практикадан өту барысында білім алушылар тұтастай педагогикалық процестегі жаңа инновациялық технологияларды, кәсіби пәндерді оқыту теориясы мен әдістемесінің теориялық білімдерін игеру; білім алушының лекциялық та, семинарлық пен практикалық сабақтар кезінде де белсенді қызметін қамтамасыз етуге бағдарланған белсенді оқыту әдістерін қолдануды талдау дағдыларын алуы тиіс.

Практика мазмұны: негізгі теориялық және методологиялық ерекшеліктермен, болашақ мұғалімнің мінездемелерімен, коммуникативті қабілеттерімен танысу, өз мамандығының базалық және бейінді пәндерін оқыту әдістемесін игеру, мемстандарттың барлық ерекшеліктерін, оның отандық және шетелдік аналогтардан айырмашылығын, артықшылықтары мен кемшіліктерін білу.

Практика арнайы және кәсіби пәндерді оқыту әдістемесі бойынша білімдерді бекіту, кеңейту, тереңдету және жүйелеуге бағытталған.

Педагогикалық практика барысында **оқуы** тиіс:

– білім мен ғылым саласындағы реформалардың жұмыс істеу заңдылықтары мен теориялық негіздерін, қазіргі әлемдегі жоғары білімнің негізгі бағыттары мен даму беталыстарын;

–білім мекемелерінің қызметін жүргізетін заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерді; білім стандарттарын; типтік және оқу жоспарларының негізгі міндеттерін, еңбек заңнамалығы негіздерін; ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттамалардың біріздендірілген жүйесінің стандарттарын;

–білімді тұғырландырудың теориялық ережелерінің негізгі атқаратын міндеттерін; жоғарғы мектептің құрылымдық білім бөлімшелерін басқару мәселелерін; білімді гуманитаризациялау және гуманизациялау проблемаларын;

–білім және ғылым саласында жүргізілетін жұмыстар мен көрсетілетін қызмет түрлерін; отандық білімнің негізгі техникалық және конструктивті ерекшеліктерін, сипаттамалары мен тұтынушылық қасиеттерін; құжаттама номенклатурасын жасау және ресімдеу тәртібін;

– ғылыми-зерттеу жобалары мен жұмыстарын жоспарлау мен ұйымдастырудың заманауи әдістерін;

–қоршаған ортаны қорғау саласындағы әлеуметтік және кәсіби жауапкершілік шараларын; еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария мен өртке қарсы қорғау ережелері мен нормаларын.

**жасай алуы керек:**

– өркениеттің мәдени, ғылыми, технологиялық және практикалық салаларын біріктіру мақсатында және ғылымижаратылыстық, гуманитарлық, техникалық ғылымдардың органикалық байланыстарының салдары ретінде теориялық білімді қолдануды;

–білім процесінден ақты ахуалды талдау барысында проблемалық баяндау әдістерін айқындауды, оларды шешу тәсілдерін ұсынуды және күтілетін нәтижелерді бағалауды;

–білім мекемелеріндегі педагогикалық міндеттерді шешу үшін жаңа педагогикалық ақпараттық технологияларды пайдалануды;

–ақпараттардың релеванттігін, бара-барлығын, объективтілігін, дәлдігін, өзіндік ерекшелігін, қол жетімдігін, үздіксіздігі мен толықтығын қамтамасыз ете отырып, оқу процесінде ақпаратты қолдануға деген негізгі талаптарды сақтауды;

**игеруі керек:**

–заманауи білім технологияларын қолдана отырып, жаңа білімдерді өз бетінше игеру дағдыларын;

–техникалық және педагогикалық бағыттардағы болашақ мамандарды даярлау кезінде арнайы және кәсіби пәндерді оқыту теориясы мен әдістемесін;

– оқытылатын пәндердің сапасын қамтамасыз ету әдістерін;

–оқу процесінде лекциялық, семинарлық және практикалық сабақтарды құрылымдау және педагогикалық жоспарлау әдістерін;

–оқу процесінде білім алушының өзіндік жұмыстарының түрлерін ұйымдастыру машықтарын;

–әрбір білім алушының жеке тұлғалық кәсіби машықтары мен қабілеттерін жетілдіру мақсатында іс-шаралар өткізу, жаңа техника мен технологияларды енгізу тиімділігін анықтау әдістерін;

сондай-ақ **келесі кәсіби қызмет түрлерімен** танысу ұсынылады:

#### **оқу-ұйымдастырушылық**

–білім алушыны кәсіптік бағдарда даярлаудың білім бағдарламасына сәйкес оқу процесінің тұтастығын іске асыру;

–білім стандарттарының, базистік оқу жоспарының, типтік және оқу бағдарламаларының, мамандықтар бойынша оқу жоспарларының мақсаттарын, міндеттері мен мазмұнын оқу;

–білім алушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім процесін ұйымдастыру және жүргізу;

#### **оқу-әдістемелік**

–оқу процесін кешенді оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді жобалау және жасау;

–озық педагогикалық тәжірибе мен инновациялық білім технологияларын үйрену;

– оқу процесінде зхаманауи инновациялық технологияларды пайдалану;

–кәсіптік даярлау, тәрбие жұмыстары бойынша сабақтарды, қарапайым техникалық және дидактикалық оқыту құралдарын жобалау;

–нормативтік-анықтамалық, ғылыми-техникалық, педагогикалық және оқу-әдістемелік әдебиеттерді пайдалану;

#### **ғылыми-зерттеушілік**

–оқу топтарында оқу және ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырып отыру;

–оқу тобының конструкторлық-технологиялық, тәжірибелік-сынамалық және ғылыми қызметтеріне басшылық ету;

#### **тәрбиелік**

– білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу процесін жетілдіру кезінде кәсіби педагогика мен психология жетістіктерін пайдалану;

–стандарттан тыс педагогикалық ахуалдарда ұтымды шешімді таңдауға талдау жүргізу;

– білім алушылардың тұлғалық және кәсіби қасиеттерін қалыптастыру;

– оқу процесінде қолайлы білімдік-тәрбиелік атмосфера жасау.

**9.Зерттеушілік практиканың міндеттері** мына икемділіктерді қалыптастырумен тұжырымдалады:

- ғылыми зерттеулер процесін ұйымдастыру, жоспарлау және іске асыру;

- зерттеулер саласында түрлі теориялық тұжырымдамаларды талдау, бағалап, салыстыру және тұжырым жасау;

- түрлі көздерден алынған ақпараттарды талдау және өңдеу;

- заманауи теориялар мен талдау әдістері негізінде, академиялық тұтастықты сипаттайтын өз бетінше ғылыми зерттеулер жүргізу;

- ғылыми таным шекарасын кеңейте отырып, өзінің жаңа ғылыми идеяларын туындату, өзінің білімдері мен идеяларын ғылыми қауымдастыққа хабарлау;

- заманауи зерттеу методологиясын таңдап, тиімді пайдалану;

- өзінің әрі қарайғы кәсіби дамуын жоспарлау және болжау.

Зерттеушілік практиканың мазмұны магистратурада білім алушының диссертациялық зерттеу тақырыбымен айқындалады.

**10. Өндірістік практиканың негізгі міндеттері** болып табылады:

– мамандық бейіні бойынша кәсіби және еңбек дағдыларын қалыптастыру;  
– сәйкес саланың кәсіпорнының, ұйымы немесе мекемесінің жұмыс ерекшеліктерін, оның ішінде өндірістік процестерді ұйымдастыру және басқаруды үйрену;

– заманауи басқару қызметінің негізгі дағдыларын игеру (бөлімше қызметін жоспарлау, проблемаларды шешу, басқарушылық шешімдерді қабылдау, қызмет процестері мен нәтижелерін бақылау).

Өндірістік практика келесі қызмет түрлерін қамтиды:

– кәсіпорын қызметін ұйымдастырумен, негізгі нормативтік және реттеуші құжаттармен танысу;

– жабдықтармен, аппаратурамен, бақылау-өлшеу аспаптарымен, құралдармен және т.с.с. танысу;

– негізгі өндірістік және басқару процестерін үйрену;

– кәсіпорын қызметкерлерінің қызметтік міндеттері аясында еңбек операцияларын орындау.

## **6. Кәсіптік практикаларды ұйымдастыру және өткізу**

11. Кәсіптік практикаларды өткізу практика базасында жүргізіледі. Зерттеушілік практика базасы ретінде, ереже бойынша, университеттің факультеттері мен бөлімшелері, педагогикалықта – мектептер, колледждер, Қызылорда қаласының жоо-ы, өндірістік практикада – ұйымдар, мекемелер, кәсіпорындар және басқалар шығады. Жоо кейінгі білімнің оқу бағдарламаларының зерттеушілік практикасы тағы ғылыми-зерттеу институттары мен зерттеу ұйымдарының базасында ұйымдастырыла алады.

12. Кәсіптік практикалардың мерзімі, ұзақтығы мен мазмұны университеттің практикалар бойынша академиялық күнтізбесі және бағдарламаларымен айқындалады.

13. Жасалған келісімшартқа сәйкес кәсіптік практиканың ұйымдастырылуы мен өтуіне университет басшылығы мен практика базаларының басшылығы жауапкершілік арқалайды.

14. Практикаға оқу-әдістемелік басшылық пен оның орындалу сапасына бақылау жасауды білім алушыны даярлап жатқан бітіртуші кафедра жүргізеді.

15. Бітіртуші кафедра практиканттарға даярлық оқытуын жүргізеді, ол білімалушының жеке жұмыс жоспарын жасау кезеңінде практикалардың әр түрінің мақсаттары және міндеттерімен, практикаға арналған тапсырмалар түрлерімен, практика бағдарламаларын жасауға қойылатын талаптармен, практика нәтижелерін өңдеу және ресімдеу ережелерімен, практика бойынша есеп беруді қорғау ісімен және т.б. таныстыруды қамтиды.

16. Бітіртуші кафедралар магистратура практикаларының бағдарламаларын жасайды және практиканттарды қажетті оқу-әдістемелік құжаттамамен қамтамасыз етеді.

17. Кәсіптік практикаға, ереже бойынша, магистранттың ғылыми жетекшісі тікелей басшылық жүргізеді. Практика жетекшілері ректордың бұйрығымен бекітіледі.

18. Практика жетекшісі:

– практиканы ұйымдастыру, жоспарлау және нәтижелерін есепке алуды қамтамасыз етеді;

– магистранттың кәсіптік практикадан өтуінің дербес бағдарламасын бекітеді;

– педагогикалық практика өткізу базасы ретінде пән мен оқу тобын, зерттеушілік/кәсіптік практика базасы ретінде – ұйымды немесе кәсіпорынды іріктейді;

– білім алушы кәсіптік практикадан өту кезінде ғылыми және әдістемелік көмек көрсетеді;

– практиканттың жұмысын бақылауды, практиканы ұйымдастырып, өткізудегі кемшіліктерді жою шараларын қабылдайды;

– кәсіптік практика нәтижелеріне талдау жасап, баға береді, практикадан өту қорытындылары туралы қорытынды пікір береді;

– практиканың оқу-әдістемелік тәжірибесін тұжырымдайды, оны оңтайландыру мен жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді.

19. Педагогикалық практикаға бейіндендіруші кафедраның профессорлары мен доценттері «Педагогика және психология» кафедрасының оқытушыларымен тығыз байланыста әдістемелік басшылық жүргізеді.

20. Практика қорытындылары бойынша білім алушылар жүргізілген жұмыстардың көлемі мен деңгейіне сәйкес есептер береді. Практика жетекшісі оның қорытындылары мен практиканттардың есептерін қарау арқылы практика қорытындылары туралы қорытынды шығарады.

21. Практикалар бойынша есептер мен жетекшілердің қорытындыларын бітіртуші кафедрада құрылған арнайы комиссия тындап, практика қорытындыларының бағасы туралы шешім қабылдайды.

## **7. Практиканттардың құқықтары мен міндеттері**

22. Магистратураның білім алушылары кәсіптік практикалардан өткен кезде (практиканттар) практика барысында туындаған барлық мәселелер бойынша практика жетекшілеріне жүгінуге, практиканы ұйымдастыруды жетілдіру туралы ұсыныстар енгізуге құқылы.

23. Педагогикалық практикадан өту кезінде практиканттар сабақ беру әдістемесін үйрену, озық педагогикалық тәжірибемен танысу мақсатында алдын ала келісім бойынша, университеттің жетекші оқытушыларының оқу сабақтарына қатысуға құқылы.

24. Практиканттар кәсіптік практиканың бағдарламасында көзделген барлық жұмыс түрлерін орындауға міндетті.

25. Практиканттар университеттің ішкі тәртіп ережелеріне, әкімшілік пен практика жетекшілерінің өкімдеріне, қауіпсіздік техникасының талаптарына, сондай-ақ практика базасы қызметін атқаратын ұйымның ішкі тәртіп ережелеріне бағынады.

26. Практика бағдарламасына сәйкес практиканттар практика аяқталғаннан кейін, белгіленген мерзім ішінде дер кезінде есептік құжаттамаларды ұсынуға тиіс.

**Келісілді:**

Академиялық мәселелер және ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор м.а.



А.М.Шильманова

Академиялық мәселелер жөніндегі басқарма басшысы м.а.



Б.Ж.Паридинова

Білім беру және педагогика жоғары мектебі деканының м.а.



Л.Е.Сапартаева

Бизнес, техника және технология жоғары мектебі деканының м.а.



Ғ.Ж.Тасболат

**Құрастырған:**

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім және ғылым бөлімі бастығы м.а.



А.Т.Райымбекова



ҚЫЗЫЛОРДА БОЛАШАҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
МАГИСТРАНТТАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ОРЫНДАЛУЫН БАҚЫЛАУ  
ВЕДОМОСИ №\_\_

Топ\_\_\_\_ Курс\_\_\_\_  
Семестр\_\_\_\_ Оқу жылы\_\_\_\_  
Кафедра\_\_\_\_  
Кредиттер саны\_\_\_\_

№	Аты-жөні	Ғылыми жетекшінің аты-жөні	ҒЗЖ орындау бағасы	Аттестаттау комиссия мүшелерінің қолы
1				
2				
3				

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім және ғылым бөлімінің бастығы \_\_\_\_\_  
(қолы)

Ескертулер:

- 1) 90-нан 100-ге дейін – «А», «А-» - «өте жақсы»;  
70-тен 89 баллаға дейін баллов – «В+», «В», «В-» «С+» - «жақсы»;  
50 ден 69 баллға дейін – «С», «С-», «Д+», «Д» - «қанағаттанарлық»;  
0ден 49 баллға дейін – «F», «FX» - «қанағаттанарлықсыз».
- 2) Ведомоске өзгертулер енгізілмейді.

«БЕКІТЕМІН»  
Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_

аты-жөні  
« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж.

Магистранттың зерттеу практикасынан өткені туралы есеп

Аты-жөні \_\_\_\_\_

Курс \_\_\_\_\_

Кафедра \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (білім бағдарламасы, шифры)

Іс жүзінде жасалған жұмыстың сипаттамасы

Алдын-ала  
нәтижелер: \_\_\_\_\_

Алдын ала қысқаша қорытындылар:

\_\_\_\_\_ Магистр \_\_\_\_\_

Ғылыми жетекші \_\_\_\_\_

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Қызылорда Болашақ университеті

**Магистранттың зерттеу тәжірибесінің күнделігі**  
**20\_\_20\_\_ оқу жылы**

Курс \_\_\_\_\_

Кафедра \_\_\_\_\_

(білім беру бағдарламасы, шифры)

Аты-жөні \_\_\_\_\_

Қызылорда, 20\_\_

Магистранттың зерттеу практикасынан өтудің жеке жоспары

### 1. Жолдама

Магистрант \_\_\_\_\_ курс

кафедра \_\_\_\_\_

зерттеу практикасынан өту үшін жіберіледі

Мерзімі «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. дейін

Практика жетекшісі (кафедрадан)

\_\_\_\_\_  
(қолы)

Мөр: «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ г.

Кафедра меңгерушісі: \_\_\_\_\_  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

### 2. Практиканы өту туралы анықтама

Магистрант \_\_\_\_\_

Практикадан өтуге келді «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Қолы, мөр.

Қабылданды \_\_\_\_\_

Жұмыс орны, қызметі

Жұмысқа кірісті «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Ауыстырылды \_\_\_\_\_

Жұмыс орны, қызметі

Қайтарылды \_\_\_\_\_ «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

«БЕКІТЕМІН»  
Кафедра меңгерушісі

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Магистрлік диссертация тақырыбы \_\_\_\_\_

### 3. Магистрантқа берілген тапсырма

1. \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_
4. \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_
5. Жеке тапсырмалар:  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Еңбек тәртібін сақтау бойынша тапсырма:

«БЕКІТЕМІН»

.....  
(Академиялық мәселелер және ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор м.а.)  
.....

(қолы)

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

4. Магистранттың зерттеу практикасының күнтізбелік жоспары

р/с	Тапсырманың кезеңдері немесе бөлімдері	Жұмыс орны (кафедра)	Кім ретінде жұмыс істейді	Орындалу мерзімі	Орындалуы туралы белгі

Ғылыми-зерттеу практикасы жетекшісі

\_\_\_\_\_  
(қолы)

\_\_\_\_\_  
(Аты-жөні)

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Практикадан өту орны бойынша жетекшісі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(қолы)

\_\_\_\_\_  
(Аты-жөні)

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

5. Зерттеу тәжірибесінде орындалған жұмыстар туралы жазбалар

Айы, күні	Орындалған жұмыстардың қысқаша мазмұны	Жетекшінің белгілері

6. Зерттеу практикасынан өту кезеңінде магистрант жинаған материалдар тізімі

р/с	Аталуы	Баспа орны
-----	--------	------------


7. Практика қорытындылары бойынша магистранттың қорытындысы және оның ұсыныстары \_\_\_\_\_

---

---

---

---

### 8. Магистранттың жұмысының сипаттамасы

(теориялық дайындық дәрежесі, орындалған жұмыс сапасы, еңбек тәртібі мен кемшіліктері, егер олар орын алса, көрсетіледі)

---

---

Жетекшінің қолы  
Мөр

\_\_\_\_\_ ж.  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

**Магистранттың аттестациялық есебі**  
семестр қорытындысы бойынша

Магистрант \_\_\_\_\_  
(аты-жөні)

Білім беру бағдарламасы \_\_\_\_\_

Ғылыми кеңесші \_\_\_\_\_  
(аты-жөні)

\_\_\_\_\_ (ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, қызметі, кафедра)

Ғылыми кеңесші \_\_\_\_\_  
(аты-жөні)

\_\_\_\_\_ (ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, қызметі, университет, елі)

1. Оқу жұмысы:

Өткен пәндерді, оның ішінде практиканы (курстың толық атауы, кредиттер саны, профессордың т.а.э.) тізіп шығу, қандай нәтижеге қол жеткізілгенін көрсету \_\_\_\_\_

2. Ғылыми-зерттеу жұмысы:

Бұл бөлімде көрсетілуі тиіс:

- мәселенің өзектілігі мен практикалық маңыздылығы;
- магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысының мәні, әдістемесі және негізгі нәтижелері;
- магистранттың алдына қойылған ғылыми міндеттің қазіргі жай-күйін бағалау;
- тақырыпты әзірлеуге арналған негізгі және бастапқы деректер;
- зерттеу әдістері;
- зерттеулердің қорытындылары мен нәтижелерін бағалау;
- алынған нәтижелерді ұқсас зерттеулер деректерімен салыстыру;
- зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған еңбектердің тізімі (мақалалардың көшірмелерін есепке қосымша түрінде беру) \_\_\_\_\_

3. Ғылыми семинарларға, конференцияларға қатысу.

Күні « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_\_\_ ж.

**Магистранттың қолы** \_\_\_\_\_

Ғылыми кеңесшінің қолы \_\_\_\_\_

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім және ғылым бөлімі бастығының қолы \_\_\_\_\_